

Б. Әбдуәлиұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: bekhzhan_a7@mail.ru)

Топонимиялық зерттеулердің географиялық және картографиялық әдістері¹

Аңдатпа. Аңдатпа. Топонимика – табиғи және адам қолымен жасалған нысан атаулары, ол қоғамның түрлі салаларында қолданылады. Соның ішінде география, картографиямен байланысы аса маңызды мәселелерді қамтиды. Картадағы жер-су атаулары тарихи дерек ретінде аса маңызды мәліметтер бере алады, сондықтан оны тек географиялық тұрғыдан ғана қарастырып қоймай, тарихи құжат ретіндегі мәнін ашу да - аса маңызды міндеттердің бірі. Әлемде түрлі карталар бар, олардың ең қарапайым түрлері - ертеректе қолмен түсірілген сұлбалық сызбалар. Сол замандардан бастап, мәліметтер базасын құру мен қазіргі ГАЖ (геоақпараттық жүйе) технологияларын қолдану дәрежесінде дейінгі аралықта дамып жетілген неше буын карталардың барлығы да географиялық нысандар мен топонимдерсіз болған емес. Демек, топонимикалық мәліметтер үшін карталардың көне жаңасы болмайды, керісінше жарық көрген уақыты бойынша жер-су атауларын тарихи дәуірлерге топтастыру мүмкіндігіне ие боламыз. Осы мәселелерді ескере отырып, мақалада бірінші кезекте, негізгі мақсатқа сәйкес, география, картография салаларының топонимикамен сабақтасатын тұстарына назар аударылып, жер бетіндегі географиялық нысандар мен топонимдердің карта мазмұнындағы орны айқындалды. Архивтен алынған құжаттарға, нақтырақ айтқанда, сұлбалық сызба мен оған қатысты хаттама бойынша ол жерде кездесетін топонимдер мен географиялық терминдерге талдаулар жасалды.

Негізгі талдаулар тақырыпқа сәйкес, картографиялық, географиялық және лингвистикалық әдістердің аясына топтастырылды. Географиялық тұрғыдан – ауыл шекарасы сызығының сипаттамасы жасалды, картографиялық тұрғыдан – сұлбалық сызбадағы атаулар мен сол елді мекендегі атаулар салыстырылды, лингвистикалық тұрғыдан – орыс тілінде толтырылған атаулардың транскрипциясы жасалып, түпнұсқа тұлғасы қалпына келтірілді. Зерттеу барысында карта бетіндегі лингвистикалық, географиялық, картографиялық және тарихи ақпараттар пайдаланыла отырып, кешенді зерттеу әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: топонимика, география, картография, көзмөлшер түсірілім, сұлбалық сызба, картаның тілі, картографиялық топонимика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-100-111>

¹ Мақала ҚР БҒМ мемлекеттік грантының қаржыландырылуы бойынша орындалған «AP08855686 – Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимия» ғылыми жобасы (2020-2022 жылдарға арналған) аясында әзірленді.

Кіріспе

География мен картография қазіргі ғылымда дербес салалар ретінде орныққанымен, өзара тығыз байланысты, өйткені географиялық нысандарсыз немесе жер шарының географиялық сипаттауларынсыз картографияның нысанын айқындау мүмкін емес. Сол секілді географиялық карталарсыз ел аумағын, жалпы жер шарын елестету мүмкін емес. Алдына қойылған мақсаты мен міндеттеріне қарай карталардың өзіндік түрлері болады. Аумақты қамтуына қарай географиялық карталар төмендегідей топтарға бөлінеді: «1. Дүние жүзінің картасы; 2. Жартышарлар картасы (батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік); 3. Материктер мен мұхиттардың картасы; 4. Мемлекеттер тобының картасы (Орталық Азия, Балқан және т.б.); 5. Мемлекеттің және оның жеке бөліктерінің картасы» [1, 7 б.]. Жалпы жер шары кеңістігі деңгейінен алар болсақ, әр аймақтың географиялық ерекшеліктеріне байланысты табиғи нысандары да алуан түрлі болып келеді. Топографиялық карта мазмұнының негізгі элементтеріне су нысандары, жер бетінің бедері, өсімдіктер жамылғысы, қатынас жолдары, байланыс және электр желілері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық, мәдени-ағарту тағы да басқа нысандар жатады. Осыған сәйкес географиялық карталар бетінде миллиондаған атаулардың таңбаланатыны сөзсіз. Олардың негізгі бөлігін топонимдер мен географиялық терминдер құрайды. Осы ерекшелігі бойынша топонимиканы кей ғалымдар «картаның тілі» деп те атайды, алайда тіл ұғымының аясы өте кең, карталар тек атаулар мен терминдерден ғана тұрмайды, онда түрлі таңбалар, ауа-райына, географиялық нысанның сипаты мен түрлеріне қарай түстерді қолдану мен түрлі белгілер қоса қамтылады. Картографияда шартты белгілерді, кескіндеу әдістерін, оларды жасау ережелерін қамтитын белгілер жүйесі – «картаның тілі» деп аталады. Картаның тілі картаны құруда және оларды оқу барысында маңызды қызмет атқарады, өйткені картаның тілін білген адам ғана оны жасау немесе пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар картографияда оның топонимикамен байланысын анық көрсетіп бере алатын «картографиялық топонимика» термині қолданылады. Картографиялық топонимика географиялық атаулар мен олардың мағыналық маңызының картада дұрыс берілуі тұрғысынан оқытатын пән. Бұл пәннің міндеті картаға түсірілген атаулар мен терминдерді бір жүйеге келтіріп, стандарттау болып табылады [1]. Осы тұрғыдан келгенде картаның тілі екі түрлі болатынын байқаймыз: біріншісі – тек мамандарға түсінікті салалық ғылыми тіл; екіншісі – барша картаны пайдаланушыға түсінікті филологиялық тіл. Картография мен топонимиканың тоғысатын әрі бір-бірінен ажырайтын да жері осы тұс. Сала мамандары пайдаланатын ғылыми тіл – картография мен лингвистиканың (топонимиканың) өзіндік ерекшеліктерін айқындаса, филологиялық тіл – екеуіне ортақ нысан ретінде зерттеу әдісінің негізін құрайды.

Белгілі бір мемлекеттің, оның ішіндегі қалалар мен елді мекендердің, әкімшілік-аумақтық бөліністердің барлығы белгілі бір атаумен аталады, егер жер-су аттары болмаса географиялық карталар мылқау күйінде қалар еді. Картография мен топонимиканың ең бірінші сабақтасар тұсы осы бір-бірімен тығыз байланыстылығында, сондықтан топонимдерді картографиялық әдіспен зерттеудің кешенді мүмкіндіктері зор. Б.Бияров «Топонимика географиялық атауларды дұрыс жазудың қыр-сырын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, картографияға өз көмегін тигізіп жатса, картография өз кезегінде топонимиканы ерекше әдіспен – картографиялық зерттеу әдісімен қамтамасыз етіп жататынын» атап көрсетеді [2, 53 б.]. Г.В.Агапованың еңбегінде географиялық атаулардың жиі қолданылатын жері карталар және олар карталардың негізгі мазмұнын құрайтыны туралы айтылады. Теориялық картографияда географиялық атаулар шартты белгілер арқылы емес, графикалық түрде әріптермен берлетін болғандықтан, картаның арнайы тілі деп есептеледі. Су түбіндегі, сол секілді құрлықтағы географиялық атауларының түрлі қызмет атқара-

тынына назар аудара отырып, солардың негізгілері ретінде адрестік, ақпарат беру және тарихи-танымдық қызметті көрсетеді [3, 103-104 с.]. Бұл әдіс топонимиялық құбылыстарды орналастыру заңдылықтарын, өзгерістердің уақыт шеңберінде дамуын, кеңістіктегі байланыстарды және жекелеген топонимиялық фактілер арасындағы сабақтастықтарды, сол сияқты олардың арасындағы түрлі сипаттағы әлеуметтік және табиғи шындықтың карталарда көрініс тапқан бейнесін тамаша пайдаланады.

Зерттеу әдістері

Аймақтарды картографиялау топонимиялық атаулар ареалдарын бақылау үшін ғана қолданылмайды, олар жөнінде кешенді зерттеулер жүргізуге мүкіндік береді. Белгілі бір атаулармен аталатын адамдар тобының (халықтың) немесе нысандардың нақты орналасуы мен аймақтары көрсетілетін картография мен топонимиялық ареалдарды орналастыру бір-бірінен алыс тұрмайды, өйткені карта бетінде табиғи нысанның атауы ғана емес, оның сипаты, ол аймақта тұратын халықтың өзі туралы да ақпараттар көрініс береді. Аймақтық зерттеулерде атаулардың түрлі аумақтық бөліністері және түрлі тілдерге тән атаулардың таралу сызықтарын да картографиялауға болады. Ареалды картографиялау нәтижесінде анықталған жайттар зерттеушінің алдына, арнайы топонимиялық мәтінді, ғылыми түсіндірілімдерді құрайтын сериялы жаңа міндеттер қояды. Мысалы, қазақ топонимиясы жағдайында белгілі бір атаулардың таралу аймағын анықтау және атаулар мен халықтық географиялық терминдердің мағынасы бойынша аймақтардың ауа райы, жер бедері мен нысандардың түрлері туралы болжамдар жасауға болады. Халықтық географиялық терминдер Қазақстанның әр аймағында қайталана отырып, қазақ жерінің біртұтас аумағын көрсете алады. Сон-

дықтан топонимиялық міндеттер жүктелген картаның өзі географиялық атауларды әрі қарай зерттеудің бастауына айналады. Топонимдердің, электронды газетирлердің² қазіргі заманғы мәліметтер базасын құру мен ГАЖ (геоақпараттық жүйе) технологияларын қолдану топонимикалық зерттеулердің белсенділігін едәуір арттырады.

Қазіргі ғылымда қолданбалық пен кешенділік маңызды мәселе ретінде танылып отырғаны белгілі, өйткені өмірде бар заттар мен құбылыстарды дара күйінде білу арқылы толық табиғатын тани алмаймыз. Айналасындағы өзге заттар және құбылыстармен арақатынасын анықтау арқылы ғана оның сырларына қанығамыз [4; 5]. Топонимдер де өзінен-өзі пайда бола салмайды, оның жасалуы мен шығу уәждері нысандардың сипатына, ішкі мазмұнына, адам мен нысан арасындағы қатынасқа байланысты. Топонимдер нысанның жалқы атауы бола отырып, ол туралы түрлі ақпараттар береді, соның ішінде тұрған орны, сипаты, ол жердің ауа райы т.б. географиялық ақпараттар оның негізгі уәжі ретінде маңызды. Топонимдердің сақталу орны сөздіктер, тарихи құжаттар, шығармалар, географиялық карталар. Сөз болып отырған тақырыбымызға орай алғанда карталардың көп ғасырлық тарихы бар. Карталар топонимдерді сақтаушы қор, тарихи дерек, әрі орфографиялық норма қызметін қатар атқарады. Бұл орайда оларды бір-бірінен бөлек алып қарастыру тақырыптың толыққанды ашылуына нұқсан келтіреді, сондықтан мақаланың алдына қойған мақсатына сәйкес салыстырмалы әрі кешенді зерттеу әдістемесі қолданылды.

Талқылау

Картографиялық әдістің практикалық шешімдері

Топонимикалық материалдарды табу үшін түрлі картографиялық дереккөздерді жинақтауға тура келеді. Топонимиялық мәлімет-


² Нысандардың орналасқан жерін көрсете отырып дайындалған географиялық атаулар тізбесі. Бұл атаулар көп жағдайда олар туралы қосымша ақпараттар береді.

терге сүйене отырып әр кездегі карталар түрлі құбылыстардың өзгерістері мен олардың компоненттерін зерттеуге мүмкіндік береді. Түрлі нысандар қамтылған карталардың ертеректе түсірілген түрлері бар. Олардың көбі архив материалдарында сақталған. Карта дайындаудың қарапайым әдістерінің бірі – көз мөлшерімен түсіру. Осы тәсілді кең қолдана отырып, жергілікті жердің шағын өңірлері мен аумағының көлемін қарапайым құралдармен (визир сызғышы, компас, дүрбі және т.б.) немесе ешқандай құралдың көмегінсіз түсіру қолданыста бар. Көз мөлшерімен түсірудің мәні – жерді анықтау мен өте қажетті заттарды, жер бедерінің нысандарын қағазға көшіру, сондай-ақ құрылған сызбаның мақсатына қарай қажетті бөлшектердің белгілерін анықтап таңбалау.

Төменде берілетін карта – «көзмөлшер» түсірілім тәсілімен 1930 жылы түсірілген. Қостанай округінің Торғай ауданы №17 Албарбөгет (сызбада: Алба-Бугут) ауылының және Торғай ауданы 16,2 Батпаққара (сызбада: Батбакар) ауылының сызба жоспары [6]. Картографиялық зерттеу әдісі бойынша

қарастырғанда топонимикалық мүддеге сәйкес, тарихи құжат, географиялық терминдер мен топонимиялық атаулар сақталған дереккөз ретінде карта-жоспар аса үлкен маңызға ие. Кішкентай ғана ауылдың айналасындағы табиғи нысандардың қазіргі кезде қаншасы сақталып, қаншасы ұмытылғаны белгісіз. Өйткені ресми және бейресми дереккөздерден «Албарбөгет ауылдық округі – Қостанай облысы Жангелді ауданындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Көкалат, Көлқамыс ауылдары кіреді. Орталығы – Көкалат ауылы», – деген ақпаратты ғана көруге болады [7]. Кеңес тұсында көптеген ондай атаулардың жойылып кеткені белгілі. Бұл орайда осы сызба деректі пайдалана отырып, бірінші кезекте жер аттарының тұрған аймағын анықтаймыз және қазіргі топонимиялық деректермен салыстырамыз. Карта бетіндегі атауларды тура сол қалпында қағазға түсіріп, тізімін жасап аламыз. Осыдан соң қазақ тіліндегі жазылуын қалпына келтіреміз.

Қостанай округі Торғай ауданы №17 Албарбөгет (Алба-Бугут) ауылының көз мөлшерімен түсірілген жоспары³.



³ Сызба жоспарлар мен хаттамалар Қостанай облысы мемлекеттік архивінен алынды: фонд №1123, оп №1, дело №213 Карта мен протоколдар

Сызба-жоспардың аумағына, нысандардың түрлеріне, басқа ауылдармен шектесетін жерлерге қатысты хаттама деректері бойынша уақытын 1930 жылдың қыркүйегінде сызылған деген болжам жасауға болады.

Сызбадағы топонимиялық атауларға қазіргі аудандық карталар мен сол кездегі бұдан өзге де дереккөздермен салыстыра қарағанда кей атаулардың нақты түпнұсқалық тұлғасы мен мағынасын анықтауға болады.

Батпақара (сызбада: Батбакар) ауданы 16, 2 ауылдарының және Торғай ауданы 17 ауылының араларынан өтетін шекара-сызықтың сұлбалық сызбасы ⁵

Ауылдың сызба-жоспарындағы шекара сызықтары туралы сипаттамалар мен жерді түрлеріне қарай 1, 2, 3 кластарға бөлуге байланысты жасалған хаттама деректеріне қарағанда жоспардың сызылған уақыты 1930 жылдың қыркүйек айына сәйкес келеді. Карта бетіндегі деректер бойынша назар аударатын бір нәрсе – ауылдардың нөмірлермен аталуы. Мұнда №2, № 15, №16, №17 ауылдар белгіленген [6].


Сұлбалық сызбаларда берілген атауларға қосымша, картаға түспей қалған осы аумақтағы кейбір топонимдер ілгеріде аталған хаттамаларда келтіріледі. Бұл сол кездегі аумақтағы топонимдік қорды толықтыра түседі.

№17 ауылдың картасында орысша таңбаланған атаулардың қазақ тілінде қалпына келтірілген нұсқасы

Топоним (орысша)	Топоним (қазақша)	Топоним (орысша)	Топоним (қазақша)
Алба-Бугут	Албарбөгет	оз. Куль Камыс	Көлқамыс көлі
Т. Карасу	Теңізқарасу көлі	ур. Шукур	Шұқыр сайы
Бистоман	Бестама	ур. Шакыр Тама (Шакир-Тама)	Шәкір тама аңғары
Кумола	Қумола	Кзыл – оба	Қызылоба
Байшагир	Байшегір (Байшағыр?)	р. Кабырга	Қабырға өзені
р. Тургай	Торғай өзені	Кара Бидаяк	Қарабидайық
Табудды-Карасу	Табылдықарасу	Кугалат	Көкалаат
ур. Кызыл-оба	Қызылоба аңғары	Коз сор	Қозысор немесе Көзсор, Қос сор
оз. Кост.	Қостанай өзенінің қысқартып таңбаланған түрі болуы мүмкін	оз. Джаман-туз	Жамантүз көлі
оз. Тилькоры	Телқоры аңғары	овр. Кызын-сай	Қызын(л)сай?
ур. Кара кун	Қаракөн, Қаракүң	оз. Тениз	Теңіз көлі
овр ⁴ .Тайу...	Тай....?	Агвай...?	Ағыбай...?

⁴ Овраг, урочища географиялық термині қазақ тіліне овраг – аңғар, жар, жыра, сай; урочища – 1. Табиғи меже (мыс. өзен, тау т.б.); 2. Батпақты жер; тоғайлы сай-сала; 3. Мекен, шатқал т.б. түрінде аударылады. Қазақ топонимиясында бұндай халықтық географиялық терминдер негізінен атаулармен бірге айтылады. Мысалы, Ақжар, Қызылжар, Бозжыра, Жетімжыра, Ақсай, Тассай; Шымбұлақ шатқалы т.б. Қазақ тілінде бұл терминдердің әрқайсысы жеке мағыналарға ие, сондықтан нысанды көріп барып қана нақты қай түріне жататынын анықтауға болады. Бұл орайда біз мүмкіндіктің шектеулілігіне байланысты бұл терминдерді топонимдердің мағынасына сүйене отырып жасадық, сондықтан аударма жасағанда біреуін ғана ұстанбай, бірде сай, жыра енді бірде аңғар деп түрліше қолданылды.

⁵ Хаттамадағы орысшасы: Схематический чертеж границы между 16,2 Батбакар района и 17 аулом Тургайского района)



№16, 2 ауылдарының картасында орысша таңбаланған атаулардың қазақ тілінде қалпына келтірілген нұсқасы

Топоним (орысша)	Топоним (қазақша)	Топоним (орысша)	Топоним (қазақша)
р. Табулда	Табылды өзені	зим. Куздук	Күздік қыстауы
Кумтубе	Құмтөбе	Курган Карашатубе	Қарашатөбе қорғаны
Бокай	Боқай	дор. Кара жол	Қара жол
р. Тургай	Торғай өзені	Кенжетай аул №2	Кенжетай ауылы №2
ов. Байшагир	Байшегір сайы	Бахай	Бақай
Т.пир. Сара оба	Сароба, Сарыоба	р. Кабырга	Қабырға өзені

Карталардағы топонимдермен жұмыс істегенде лингвистикалық (топонимикалық) және географиялық мәселелерге назар аударылады:

Лингвистикалық әдістердің қолданбалық сипатамасы. Орыс тілінің заңдылықтарына ыңғайлап жазу кезінде формасы өзгерген топонимдерді қалпына келтіруде топонимикалық білім мен болжам қажет етіледі, өйткені ұқсас сөздермен шатастырып алуымыз әбден мүмкін. Мысалы, «урочище Шукур» топонимін антропотопоним ретінде Шүкір деп те,

орографиялық термин ретінде шұқыр деп те болжауға болады. Тарихты білетін, нақты сол жерде, сол уақытты өмір сүрген адам болмаса, екеуін де жоққа шығару қиын. Алайда картаға түсірілген сол аумақтағы жердің бедеріне қарап, «Шұқыр» тұлғасындағы атау десек, топонимикалық болжам болар еді. Аумақтың географиялық жағдайы, әр нысанның сипаты мен түрлеріне берілетін атаулардың мағынасына да елеулі ықпал етеді. Алайда орысша жазылған антропотопонимдердің дыбыстық тұлғасы мен мағыналарын ажыратуда кейбір

Хаттамаларда орысша таңбаланған атаулардың қазақшаланған нұсқалары

Топоним (орысша)	Топоним (қазақша)	Топоним (орысша)	Топоним (қазақша)
Айдар-Карасу	Айдарқарасу	озера Тай	Тай өзені
зимовка Альбека	Әлібек қыстауы	бугор Мнжан	Мыңжан төбесі
Зимовка Байгабыла	Байгабыл қыстауы	бугор Кускунбас	Құсқонбас төбесі
урочища Бощакуль	Бозшакөл	Джаланаш-Чиганак	Жалаңаш шығанақ
гор. Кушоки	Қушоқы тауы	Бис Бидояк	Бесбидайық
колодца Шалдыбай	Ш а л д ы б а й қ ұ д ы қ (Шалдыбайдың құ- дығы)	Сатайсор	Сатайсор
оз. Джанабай	Жаңабай көлі	Кара-гутубе	Қарату төбе
оз. Жангильдин	Жангелді көлі	урочища Кугалы	Қоғалы сайы
Зимовка Курган-Бая	Қорғанбайдың қы- стауы	зимовка Ибрая	Ыбырайдың қыстауы
плотина Кара-Бидаякская	Қарабидайық су қой- масы	река Торгай	Торғай өзені
Байғара	Байғара	Шукурбай сай	Шүкірбай сайы

қиындықтар кездеседі. Мысалы, карта мен хаттамада екі түрлі жазылған Байшағыр мен Байшағирді қазақшалағанда Байшағыр бола ма, Байшегір бола ма? Байшағыр деген кісі есімі бар, олай десек – антропотопоним, ал Байшегір рудың атауы ретінде – этнотопоним болады. Қазақтың руымен қоныстану дәстүрін ескере отырып, бұл орайда этнотопонимді, яғни «Байшегір» нұсқасы дұрыс деген болжам жасалды.

Орысша таңбалағанда айтылу ерекшеліктері негізге алынған, алайда түпнұсқаның сақталуынан гөрі орыс тілінің ыңғайына бейімдеу басымрақ байқалады. Мысалы, Бощакуль, Кушоки, Кугалат, Кускунбас, Бис Бидаяк, Шакир-Тома, Кулкамыс т.б. секілді топонимдердің сыртқы тұлғасына қарап, бірден қазақшасын елестету қиын. Таңбалауда бірізді нормадан гөрі, әр жерде әртүрлі жазылған: Бощакуль – Бошагуль, Кулкамыс – Куль-Камыс, Кара Бидаяк – Кара Бидояк, уроч. Шакир Тама – ур. Шақыр Тама – Шакир-Тома, Т. Карасу – Теңізқарасу т.б. Бұл атаулардың түпнұсқа формасы мен мағынасын анықтау үшін қазіргі кезде осы жерлердің қай әкімшілік аумаққа қарайтынын және сонда сақталған атаулармен салыстыру тәсілі қолданылады.

Болмаған жағдайда топонимикалық салыстыру тәсілі басшылыққа алынады. Топонимикалық тәсіл деп отырғанымыз басқа аймақтарда осы дыбыстық формаға сәйкес келетін қандай атаулар бар, соны анықтаймыз. Өйткені қазақ топонимиясында ел аумағының әр жерінде қайталанып келетін көптеген тұрақталған үлгілер бар. Мысалы, Бошаклуьмен (Бошагуль) айтылуы бойынша жақынырақ келетін Бозшакөл Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай облысының Сарыкөл ауданында кездеседі. Кулкамыстан гөрі топонимдік формаға Куль-Камыс көбірек жақындайды. Құрамындағы екі компоненттің біріншісі құл әрі көл сөздерімен сәйкес келеді, сондықтан топонимдік форма – Көлқамыс болуы тиіс. Олай болжауға тағы бір себеп, сұлбалық сызбаны түсіруші көл сөзін негізінен «куль» түрінде жазған екен. Шәкір тама (Шакир Тома) құрамындағы екінші компонент біздің болжамымыз бойынша тама – этноним, яғни атау – этнотопоним. Хаттамада Батбакар тұлғасында таңбаланған атаудың да «Батпаққара» екенін бірден тану қиын, өйткені орысша тұлғасын түрліше этимологиялауға болады. Осы аймақтың қазіргі топонимдерімен салыстырғанда тұрған орны, нысанның түрі бой-

ынша Батпаққараға сәйкес келеді. Интернет материалдарында «Торғай жерінің төл бесігі – Батпаққара» деген тіркесті кездестіреміз [7]. Сонымен қатар осы өңірде болған «Батпаққара көтерілісі» де бұл атаудың тарихтағы орны мен мәнін айқындай түседі [8, 162 б.].

Сұлбалық сызба мен хаттама материалдарын лингвистикалық тұрғыдан талдау барысында көзге түсетін ерекшеліктердің бірі – топонимиялық тіркестер. Орыс тіліне аударылып берілгенмен, қазақша мағынасы айқын көрініп тұрады. Табулды-Карасу – Табылды Қарасу, Айдар-Карасу – Айдар Қарасу, Шукурбай сай – Шүкірбай сай, Кенжетай аул – Кенжетай ауыл, бугор Мнжан – Мыңжан төбе, колодца Шалдыбай – Шалдыбай құдық секілді топонимдердің мағынасы нысанның сол адамға тиесілілігін білдіреді. Мұндай тіркес Баянауыл, Қожаауыл, Тасауыл т.б. секілді топонимдерде және зоонимдерде де кездеседі: Орынбайкүрең, Жақанқара, Байжұматоры т.б. секілді гиппонимдердің тіркесуінде де осы үлгі мен мағыналық ұқсастық бар. Оз Табулда – Табылды өзені, гор. Кушоки – Қушоқы тауы, река Торғай – Торғай өзені, Тай өзені топонимдерінде де бірінші компоненттегі ілік септігі жасырын келген тіркестер. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы жасалатын мынандай топонимдік тіркестер бар: Зимовка Альбека – Әлібектің қыстауы, Зимовка Байгабыла – Байғабылдың қыстауы, Зимовка Курган-Бая – Қорғанбайдың қыстауы, Мазарки «Алшинбая» – Алшынбайдың мазары т.б. қазақ топонимиясындағы дәстүрлі тіркестер.

Ауыл, бөген, жыра, құдық, көл, құдық, сай, тау, төбе халықтық терминдері қолданылады, сонымен қатар жайылым, егістік, шабындық секілді нысан түрлерінің де топонимдермен

тығыз байланысы бар.

Географиялық әдістердің қолданбалық сипаттамасы. Хаттамада шекараларды нақтылауда және қай жерлермен өтетінін түсіндіргенде автор ілгерідегі топонимдерге сүйенеді. Географиялық нысанның түрлері, аумағы, сол жерлердің табиғи ерекшеліктері, елді мекен мен оның аумағының сұлба-жобасы т.б. география пәнінің нысаны. Географиялық зерттеулер мен сипаттауларға сүйенбей тұрып, жалпы мақсат пен міндеттерді түсіндіріп беру мүмкін болмас еді. Енді хаттама мазмұнынан қысқаша үзінділер келтіре отырып, топонимиканың географиялық әдістеріне практикалық тұрғыдан талдаулар жасап көрелік. «Қоғалы сайынан Қушоқы тауы арқылы Шалдыбайқұдықтың оң жағынан өтіп, Бозшакөл сайына келеді (тіреледі). Байғабыл қыстауы... солтүстік бағытта Тай өзенінің бір бөлігін кесіп өтеді... Мыңжан және Құсқонбас төбелері арқылы өтеді. Әрі қарай шекара Жангелдин және Жанбай өзендерінің аралығымен Қаратөбе арқылы Қорғанбай қыстауына және Ескі Қарабидайық су қоймасына қарай кетеді. Әрі қарай шекара ... Айдарқарасуды кесіп, Әлібек қыстау мен Ыбырай қыстаудың арасынан өтіп, Торғай көліндегі Жалаңаш-Шығанаққа барып жалғасады»⁶.

№17 Албарбөгет ауылы маңындағы ауылшаруашылық жерлерді бағалау туралы хаттамада жердің аумағы төмендегідей топонимдер арқылы белгіленеді:

Қабырға өзенінің солтүстік жағынан Алшынбай мазарына дейінгі Телқоры⁷ өзенінің екі жағалауындағы егіндік жерлерді және оңтүстік жақты жағалай Ақпансайға қарсы бетке дейінгі мекенді 1-разрядқа жатқызу... Қабырға бойымен Албарбөгет су қоймасынан

⁶ Орыс тіліндегі нұсқасы: От урочища «Куталы», через гору «Кушоки», правее колодца Шалдыбай, подходит к урочищу «Бошакуль». Зимовка Байгабыла, ... в северном направлении отсекает часть озера «Тая»... проходит через бугор «Мнжан» и «Кускунбас». Дали граница проходит между озер «Джангильдин» и «Джанабай» через «Кара-тутубе» идет на зимовки «Курган-Бая» и на старую Кара-Бидаякскую плотину. Дали граница пересекает ... Айдар-Карасу проходит между двух зимовок Альбека и Ибрая и кончается Джаланаш-Чиганак на реке Торғай» (1930 жылы 17 қыркүйектегі №17 Албарбөгет ауылы аумағында жерді пайдалану шекарасы туралы хаттама).

⁷ Сызбада – Тилькоры, хаттамада – Телькоры түрінде таңбаланған, бұл тұлғалар бойынша түрлі этимология жасауға болады, алайда нақты анықтау мүмкіндігі төмен. Атауды қазақшалаудағы осындай қиындықтарға байланысты шартты түрде «Телқора» (мағынасы «қатар тұрған қора» болуы мүмкін) нұсқасына тоқталдық.

Өткенге дейін 2-разрядқа жатқызу. ...Шәкіртама мен Көлқамыстағы. Қарақоға сайындағы шабындық жерлер, Көлқамыс сайындағы сазданбаған шабындық, ... Қарабидайық сайын жағалай Қабырғаның оң жағасымен дамбашанышқысындағы Жарық жырасынан оңға қарай... саздауыттағы шабындықтарды 3 разрядқа жатқызу.⁸

Егер осы түсіндірмелердің ішінен топонимдер мен халықтық географиялық терминдерді алып тастасақ, табиғи нысанның қай жерде орналасқанын және әкімшілік аумақтың шекара сызығының қалай, қайда тартылғанын да анықтау мүмкін болмас еді. Сонымен қатар географиялық нысандардың сипаты мен атауының арасындағы өзара байланыс карта бетіндегі таңбалануы арқылы көрініс береді. Хаттамада берілген сипаттамаларда карта тілінің өзіндік ерешелігі анықталып отыр. Бұл орайда топонимдер мен халықтық географиялық терминдер қызметін ерекше атап өтуге болады, өйткені белгілі бір нысанның тұрған орнын айналасындағы нысандармен қатынаста қарастырғанда ғана ол туралы нақты ақпарат беруге немесе алуға болады. Бұл тұрғыдан келгенде, «карта тілі» деп аталатын терминнің аясында нысанның орны, сипаты, бағдар айқындау, нысандардың ара қатынасы т.б. бірнеше мәселе қамтылатынына көз жеткізуге болады.

Нәтижелер

Мақалада архив материалдарына сүйене отырып, салыстырмалы әрі кешенді зерттеулер жүргізу арқылы ХХ ғасырдың 30-жылдары еліміздегі тарихи, саяси өзгерістердің сипатына көз жеткіземіз. Талдауға негіз болған «сызба-жоспар», «сұлбалық сызба» және хаттамалар дерегі арқылы санамалап айтқанда бірнеше нәтижеге қол жеткізілді:

Біріншіден, топонимикалық зерттеулер қашан да кешенділікті талап етеді, ол өз кезегінде оның пәнаралық сипатын айқындай түседі [9]. Бірнеше салаға тән болуына байланысты мамандар тарапынан өзіне бейімдеу көзқарастары болып келе жатыр, алайда осы мақала көлеміндегі зерттеулер барысы оны белгілі бір салаға телуге болмайтынын, керісінше бірнеше саланың тоғысындағы дербес пән ретінде қарастыру керектігін көрсетіп отыр. Осылай еткенде ғана топонимдердің өмірлік мәні мен қолданбалық мүмкіндігін ашып көрсете аламыз. Екіншіден, кішкентай ғана екі ауылдың айналасында алпысқа жуық атаудың қолданылуы қазақ тілінде нысан атауларының қаншалықты маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Жер иелену мен кеңістікті меңгерудің негізгі тетігі ретінде жер-су атаулары қолданылған. Осы тұрғыдан келгенде, кешенді зерттеулер нәтижесінде қазақтың дәстүрлі тұрмысы мен шаруашылығының топонимияға ықпалы бойынша біршама этнографиялық сұрақтар күн тәртібіне шығарылып отыр. Үшіншіден, өткен ғасыр басында болған басқару жүйесіндегі өзгерістер туралы ақпараттар аламыз: сызба-жоспарда алғашқы ауылдар, олардың шекаралары мен атаулары туралы біршама мәліметтер берілген. Көшпеліліктен отырықшылыққа көшірілген ауылдарды басқарудың жаңа үлгілері – әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрылымдық элементтері көрініс береді. Көшпелі өмір салты бойынша қазақ даласындағы әрбір нысанның атауы болса, 30 жылдарда олардың барлығы белгілі бір нөмірлерге ауыстырылған. Нөмір-атаулар ресми түрде тіркеліп, қалғандары бейресми түрде ауызша қолданыста ғана қалды, ал кейіннен саяси-идеологиялық атаулармен алмастырылғаны тарихтан белгілі. Олардың қазіргі қолданыста бірнеше нұсқасы ғана

² Пахотные земли, расположенные по обоим берегам реки Телькоры и от Телькоры по северной стороне Кабириги до мазарки «Алшинбая» и по южной до места против сая «Акпана» отнести к 1-му разряду... Пашни, расположенные по Кабырге от Албар-Бугутской плотины до Аткиеновской... отнести ко 2 разряду. ...расположенные в районе Шакир-Тома и Кулкамыса. Сенокосные угодия в урочище «Кара-Кута», незаболоченные сенокосы в урочище «Куль-Камыс», ... по урочищу «Кара-Бидояк», южнее оврага Джарых расположенные по правому берегу Кабырге в вилках плотины... К 3-му разряду отнести заболоченные сенокосы

сақталып, қалғандары ұмытылған. Бұл бізге саяси жүйенің зардаптары туралы ақпараттар береді. Төртіншіден, Батпаққара аумағындағы 30-жылдарда қолданылған топонимдер бойынша біршама деректер анықталды. Осы зерттеу нәтижелерін негізінде еліміздің барлық аймақтарындағы архив құжаттарынан топонимдік лексиканы жинау идеясы күн тәртібіне ұсынылды. Алдағы уақытта жиналатын материалдар қазақ топонимдерінің тарихы және тарихын дәуірлеу бойынша ізденістер мен әдістемесін дайындауға жолбасшы болмақ.

Қорытынды

Практикалық тұрғыдан алғанда шекара сызығы мен оның бағыты, нысанның түрлері мен сипаты туралы, жалпылай алғанда сұлбалық сызба бойынша жасалатын жоспарлар мен атқарылатын жұмыстар толықтай географияның (картография) нысаны болса, жер бедерінің, қыртысының атаулары, нысандардың жалқы атаулары лингвистиканың зерттеу нысаны болып табылады, сондықтан бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Қазақ топонимикасының алдында орфографиялық нормалау мәселелері әлі өзінің шешімін таппаған жоқ, себебі топонимиялық сөздіктер мен карталарда жазылуындағы әртүрлілік әлі бірзідділікке келе алмай отыр. Кей атаулардың

жазылуындағы түпнұсқадан алшақтық транскрипциялық нақтылықтан гөрі амалсыз жасалатын болжамдарға итермелейді, өйткені орыс тіліндегі нұсқасы бойынша төл тұлғасы мен мағынасын қалпына келтіру мүмкін емес. Бұл мәселе картография мен лингвистиканың өзара тығыз байланыста болатынан айғақтайды.

Сөз басында мысалға келтірілгендей, бүгінгі күнде де карталар салалар бойынша, атқаратын қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Топонимика үшін картаның ең маңызды тұсы ақпараттық мүмкіндіктері, сондықтан оларды кешенді зерттеу әдістерін қалыптастыру қазіргі ғылымда Ілгеріде соның тек қарапайым бір-екеуіне ғана практикалық талдаулар жасалды, алайда қазіргі жетілдірілген карталар бойынша топонимикалық зерттеулердің алдында үлкен міндеттер тұр.

Табиғи нысандардың ішкі-сыртқы ерекшеліктері бойынша жүргізілген географиялық зерттеулер мен картографиялық ізденістердің нәтижесі топонимдердің ішкі мазмұны туралы түсінік пен сыртқы формасының нормалануына тікелей ықпал етеді, сондықтан топонимдер бойынша зерттеу жүргізілгенде бұл жұмыстардың нәтижелер міндетті түрде басшылыққа алынады. Ілгеріде айтылғандарды жинақтай келгенде, топонимиканы географиялық тұрғыдан зерттеу әдістемесінің кешенді құрылымын көреміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тоқпанов Е.А., Мазбаев О.Б. Картография және топография негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2012 - 464 б.
2. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері (монография). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
3. Агапова Г.В. Основные черты географических названий рельефа дна Мирового океана // Вопросы географии / Моск. центр Русского геогр. о-ва; Ин-т геогр. РАН ; МГУ им. М.В. Ломоносова, геогр. фак. – Москва: Наука, 1946 – . Сб. 132: Современная топонимика / Отв. ред. А.В.Барандеев; [сост. Р.А.Агеева, А.А.Герцен]. – 2009. – 406 с.: ил., карты.
4. Бакутов В.А. Микротопонимы окрестностей деревни Отымбал Волжского района Республики Марий Эл // Науки о Земле: вчера, сегодня, завтра: материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2018 г.). – Казань: Молодой ученый, 2018. 22-28 с.
5. Басик С.Н. Общая топонимика : пособие для студентов геогр. фак. – Минск: БГУ, 2008. – 168 с.
6. Қостанай облысы мемлекеттік архиві. Фонд №1123, оп. №1, дело №213 Карта мен протоколдар

7. [https://kk.wikipedia.org/wiki/ Албарбөгет_ауылдық_округі](https://kk.wikipedia.org/wiki/Албарбөгет_ауылдық_округі) 31.10.2021 ж.
8. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 880 б.
9. Беленов Н.Г. Принципы и методы топонимических исследований // Филологические науки. Вопросы теории и практики. 2019. Том 12. Выпуск 4. 226 с.

B. Abdualiuly

Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan

Geographical and cartographic methods of toponymic research

Annotation. Toponymy is the names of objects of natural and man-made origin that are used in various spheres of society. Including those related to geography, cartography. The names of land and water objects on the map can represent the most important information as historical sources, therefore they must be considered not only geographically, but also reveal the significance as a historical document. There are various maps in the world, the simplest of which are previously schematic drawings taken by hand. Not without geographical objects and toponyms, all those generations of maps that have developed from those times to the present to the extent of creating databases and using GIS (geoinformation systems) technologies. Therefore, for toponymic data, maps are not new ancient, but have the ability to group the names of land and water by the time of their publication in historical epochs. Taking into account these problems, in the article, first of all, in accordance with the main purpose, attention was focused on the related fields of geography, cartography with toponymy, the place of geographical objects and toponyms on earth in the map content was determined. Documents from the archive were analyzed, namely toponyms and geographical terms found there according to the schematic drawing and protocols to it.

The main analyses were grouped within cartographic, geographical and linguistic methods according to the topic. Geographically, a description of the village border line was compiled, the names on the cartographic and schematic drawing and the names of the same settlement were compared, in linguistic, a transcription of the names filled in in Russian was compiled, the original identity was restored. In the course of the study, complex research methods were used using linguistic, geographical, cartographic and historical information on the map surface.

Keywords: toponymy, geography, cartography, kozmolsher tusirim, schematic drawing, map language, toponymic cartography

Б. Абдуалиулы

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Географические и картографические методы топонимических исследований

Аннотация. Топонимика – это названия предметов природного и рукотворного происхождения, которые используются в различных сферах общества. В том числе связанные с географией, картографией. Названия земельно-водных объектов на карте могут представлять важнейшие сведения как исторические источники, поэтому их необходимо рассматривать не только географически, но и раскрывать значение как исторического документа. В мире существуют различные карты, простейшими из которых являются ранее схематические чертежи, снятые вручную. Не обошлось и без географических объектов и топонимов, все те поколения карт, которые развивались с тех времен и до современности в степени создания баз данных и применения технологий ГИС (геоинформационных систем). Следовательно, для топонимических данных карты не являются новыми древними, а имеют возможность группировать названия земли и воды по времени их издания в исторические эпохи. С учетом этих проблем в статье, в первую очередь, в соответствии с основной целью, было акцентировано внимание на смежных областях географии, картографии с топонимикой, определено место географических объектов и топонимов на земле в содержании

карты. Были проанализированы документы из архива, а именно топонимы и географические термины, встречающиеся там по схематическому чертежу и протоколу к нему.

Основные анализы были сгруппированы в рамках картографических, географических и лингвистических методов в соответствии с темой. Географически составлено описание линии границы села, сопоставлены названия на картографически – схематическом чертеже и названия того же населенного пункта, в лингвистическом – составлена транскрипция названий, заполненных на русском языке, восстановлена первоначальная идентичность. В ходе исследования были использованы комплексные методы исследования с использованием лингвистической, географической, картографической и исторической информации на поверхности карты.

Ключевые слова: топонимика, география, картография, глазомерная съемка, схематический чертеж, язык карты, топонимическая картография

References

1. Toqpanov E.A., Mazbaev O.B. Kartografiya zhәне topografiya negizderi [Basics of cartography and topography] Oqulyq. – Almaty: Dauir, 2012 - 464 b.
2. Biyarov B. Zher-su attarynyn sozhasamdyq ulgileri [Words of word formation of land and water names] (monografiya). – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2012. – 460 b.
3. Agapova G.V. Osnovnye cherty geograficheskikh nazvanij rel'efa dna Mirovogo okeana // Voprosy geografii / Mosk. centr Russkogo geogr. o-va; In-t geogr. RAN; MGU im. M.V. Lomonosova, geogr. fak. – Moskva: Nauka, 1946 – . Sb. 132: Sovremennaya toponimika / Otv. red. A.V.Barandeev; [sost. R.A.Ageeva, A.A.Gercen]. – 2009. – 406 s.: il., karty.
4. Bakutov V.A. Mikrotoponimy okrestnostej derevni Otymbal Volzhskogo rajona Respubliki Marij El // Nauki o Zemle: vchera, segodnya, zavtra: materialy IV Mezhdunar. nauch. konf. (g. Kazan', maj 2018 g.). – Kazan': «Molodoj uchenyj», 2018. 22-28 s.
5. Basik S.N. Obshchaya toponimika : posobie dlya studentov geogr. fak. [General Toponymic: Posobie for students Geogr. fak.] – Minsk: BGU, 2008. – 168 s.
6. Qostanaj oblysy memlekettik arhivi [State archive of Kostanay region]. fond №1123, op. №1, delo №213 Karta men protokoldar
7. https://kk.wikipedia.org/wiki/Albarboget_auyldyq_okrugy (qaralghan kuni: 31.10.2021 zh.).
8. Ajbyn. Enciklopediya. / Bas red. B.O.Zhaqap. - Almaty: Qazaq enciklopediyasy, 2011. – 880 b.
9. Belenov N.G. Principy i metody toponimicheskikh issledovanij [Principles and Methods of Toponymic Research] // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. 2019. Tom 12. Vypusk 4. 226 b.

Автор туралы мәліметтер:

Бекжан Әбдуәлиұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Bekzhan Abdualievich – professor of the Eurasian National University named after LN Gumilyov, doctor of philology, Nur-Sultan, Kazakhstan.